

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HUHW2781>

***А. А. Алдабергенова¹, А. Қ. Жұмабекова²**

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар

және әлем тілдері университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: aiyma.aldabergenova@gmail.com,

*e-mail: aikonya_01@mail.ru.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5162-6853>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4457-2687>

ЖАҢА АУДАРМА МӘТІНДЕРІНІҢ БАЛАМАЛЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

Мақала ғылыми (лингвистикалық) мәтіндерді аудару барысында баламалылыққа қол жеткізу тәсілдерін зерделеуге арналған. Зерттеу материалы ретінде Майкл Райан мен Джюли Ривкиннің университеттердің филологиялық факультеттеріне арналған «Әдебиет теориясы: Кіріспе» атты оқулығының ағылшын тіліндегі түпнұсқасы және оның қазақ тіліне аудармасы таңдалды. Аталмыш оқулықтың ағылшын тіліндегі түпнұсқасы «Literary Theory: A Practical Introduction» 1998 жылы жарық көрген. Ал қазақ тіліндегі аударма 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі жаңа 100 оқулық» шеңберінде жүзеге асырылды. Соңғы жылдары ағылшын тілді әдебиеттер қазақ тіліне кеңінен аударылып келеді. Бұл, әрине, өз кезегінде қазақ тілді оқырмандар үшін өз өрісін кеңейтіп, әлем әдебиеті жайлы жан-жақты білім алып, батыс ғалымдарымен ой алмасуға мүмкіндік береді. Алайда аударма барысында орын алатын кемшіліктер мен қателіктер түпнұсқа мәтініндегі автордың ниеті мен мақсатын реципиентке (қабылдаушыға) бұрмаланып жетуіне түрткі болады. Сол себепті де мақалада ғылыми лингвистикалық мәтінді ағылшын тілінен қазақ тіліне аударудағы аударма әдіс-тәсілдері мен баламалылыққа жету жолдары қарастырылады. Аударма сапасын бағалау категориялары мен жіктелмелері талданады. Аударма үрдісі кезінде орын алған әртүрлі аударма трансформациялары, лексикалық

және грамматикалық қателіктер мен кемшіліктерге, сонымен қатар біздің ойымызша, оңтайлы деп танылған аударма шешімдеріне аса көңіл бөлінеді.

Кілтті сөздер: аударма сапасын бағалау, аударматану, қазақ тілі, ағылшын тілі, әдебиет теориясы, баламалылық, аударма тәсілдері.

Кіріспе

Соңғы жылдарда жоба аясында гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша шетел әдебиеттерінің қазақ тіліне аударылғаны белгілі. Әлемнің үздік университеттерінің оқулықтарының қазақ тілді аудармаларын ендігі күні еліміздің де жоғарғы оқу орындарының кітапханаларынан таба аласыздар. Әрине бұл оқу және ғылым саласын дамытуда үлкен үлес қосады. Сонымен қатар аударма жайлы сөз қозғалғанда, аударма сапасы мен оның өміршеңдігі, оқырмандарға түсінікті болуы да маңызды көрсеткіштердің бірі.

Бұл зерттеу жұмысының теориялық бөлімі аударма мәселелері мен аударма сапасын бағалауға қатысты негізгі теориялық ережелер және жеке теорияның негізгі ұғымдары қамтылады. Аударма мәтініне талдау жасау барысында баламалылық және барабарлық, дәлдік, еркіндік және буквализм сынды категориялар қолданылады. Аударма қызметінің сапасын анықтайтын аударманың әдіс-тәсілдері және анықтаушы маңызды факторлар ретінде тілдің нормасы мен қолданылуын ескеру қарастырылады. Біздің талдауымызда басты теория ретінде Д. М. Бузаджидің «аударма қателіктерін жіктеуге жаңа көзқарасы» қарастырылады [1].

Материалдар мен әдістері

Негізгі практикалық материал ретінде Майкл Райан мен Джули Ривкиннің «Literary Theory: A Practical Introduction» [2] оқулығының қазақ тіліндегі аудармасы «Әдебиет теориясы: Кіріспе» [3] атты оқулығы таңдалды. Бұл мақалада «Әдебиет теориясы: Кіріспе» атты оқулығын қазақ тіліне аударма арқылы жеткізуге үлес қосқан Ә. Ахметов, Ә. Жапақ, М. Төлеген, А. Шералының аударма жасаудағы жетістіктері мен кемшіліктеріне талдаулар жасалынады. Жұмыстың практикалық бөлімінде қателіктердің барлық категориялары сипатталған және олардың мәні мен сипатына қарай мысалдарға талдау жасалған.

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі, мәтіннің лингвистикалық ерекшеліктерін сәйкестендіру арқылы дискурсивті талдау жасау әдісі, сипаттау, жіктеу, жүйелеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Осы орайда оқулықтың авторлары мен аудармашылары жайлы бірер ақпаратты бөліскеніміз жөн. Бірінші автор – Майкл Райан, Темпл

университетінде (АҚШ) кино және медиа өнері профессоры. Ол «Politics and Culture: Working Hypotheses for a Post-Revolutionary Society (Language, Discourse, Society)» (1989), «Cultural Studies: A Practical Introduction» (2010) және т.б. кітаптардың авторы. Ал оның бірлескен авторы Джули Ривкин – американдық әдебиет сыншысы және 1982 жылдан бері Коннектикут колледжінің (АҚШ) ағылшын тілі профессоры. Ол «Әдебиет теориясы» мен «Жалған позиция: Генри Жеймстің репрезентативті логика әдебиеті» (1996) сынды жарияланымдарымен танымал.

Оқулықтың қазақ тілді аудармашылары туралы келесідей ақпарат белгілі: мысалы, Әділ Ахметов Агата Кристи әңгімелерін ағылшын тілінен қазақ тіліне аударған. Ал Ә. Жапақ аталған оқулықтан басқа Питер Нортхаустың «Көшбасшылық: теория және практика» оқулығының аудармашыларының бірі, Стивен Ковидің «Жасампаз жандардың 7 дағдысы: тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері» монографиясының жауапты редакторы болып табылады. Мұхит Төлеген – аудармашы және әдеби редактор, дінтану бойынша философия докторы (PhD). Арай Шералы – Роберт Хиллиардтың «Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу» оқулығының аудармашыларының бірі.

Өз кезегінде А.С. Ақтанова «Әдебиет теориясы бойынша терминдердің аударылуы: ізденіс, тәжірибе» [4] атты мақаласында Д. Ривкин мен М.Райанның «Әдебиет теориясы» оқулығындағы қазақша берілген әдебиеттану терминдерінің қазақ тіліне аударылуын сынға алады. Бір топ терминдердің аудармасыз берілгендігін (паноптикон (panopticon), реификация (reification), симулякр (simulacrum)) назарға алып, қазіргі әдебиет теориясын аудару мәселесінде барынша төл терминдерді жасауға тырысу керектігін айтады [4].

А. Қ. Жұмабекова, Н. И. Умиртасованың мақаласында атап көрсетілгендей, ғылыми лингвистикалық мәтіннің негізін құрайтын лингвистикалық терминдердің өз ерекшеліктері бар және де олар «бірмағыналы, мағынасы дәл, ықшам болуы тиіс, эмоционалдылықтың болмауы міндетті болып табылады» [5].

Одан бөлек «In other words» кітабында зерттеуші М. Бейкер аудармашылардың жұмысында белгілі бір шектеулер болу керектігін меңзесе: «Translators, as we have seen, can be extremely creative. But there can also be limits and severe restrictions on the level of inventiveness they are able to deploy in producing translations in specific contexts» [6], Л. Хан және т.б. аударма түсінікті болуының бір талабы ретінде оның мүмкіндігінше оқылуы жеңіл, бастапқыда-ақ сөйлем аударма тілінде жасалғандай ұғымды болуы керек дейді: «The requirement that a translation is intelligible means that, as far as possible, the translation should read like normal, well-edited prose and be readily

understandable in the same way that such a sentence would be understandable if originally composed in the translation language» [7, 2].

Аударманың сәтсіздігі мен жетістігі туралы сөз қозғағанда австрияның белгілі аудармашы маманы Э. Прунч «Батыс аударматануының даму жолдары» атты еңбегінде аударманың дұрыс немесе дұрыс еместігі туралы түсінік мүлдем шартты екендігін айтады. Біреу үшін ең дәл және тиімді аударма екіншісі үшін еркіндік сияқты көрінуі мүмкін немесе керісінше. Осыған байланысты аударма сапасын бағалау параметрлері бүкіл мәдени бейне мен саяси контексті қамтуы керек» [8]. Алайда қазіргі күнде елімізде аударма мектебінің жоқтығы, аударма мәтініне деген талаптың болмауы аударма сапасын бағалауға да кедергі болып табылады.

Ғалым Н. С. Автономова атап көрсеткендей, дұрыс таңдалған баламалар аудармада мағынасы жағынан ғана емес, мәнмәтін жағынан да өте маңызды рөл атқарады. Ең алдымен, қиыншылықтар аударманың концептуалды-терминологиялық аспектілерінен, содан кейін стильдік аспектілерінен туындайды [9].

Қазіргі уақытта аударма сапасын бағалаудың қатаң белгіленген критерийлері жоқ. Олар: лингвистикалық және прагматикалық зерттеулер болып бөлінеді, біріншісі аударманың баламалығын білдіреді, екіншісі аударманың құндылығы жайлы. М. Я. Цвиллинг пен Г. Я. Туровердің пікірінше, лингвистикалық деңгейде аударманы талдау минималды элементтен басталады: сөздер, сөз тіркестері, морфемалар және әр уақытта түпнұсқаны аудармамен салыстырып отырады [10], ол формалды-сандық бағалау әдісі болып табылады және тек мәтіннің беткі қабатына әсер етеді. Прагматика деңгейінде аударма критерийлері көркем-эстетикалық және психологиялық пайымдаулармен ауыстырылады [10, 7].

Алайда, М. М. Зинде мен С. А. Фридрихтің пікірінше, егер сіз белгілі бір параметрлерді ұстанатын болсаңыз, аударма сапасының деңгейін бағалауға болады. Олардың түсінігінде «редакторлық тәжірибеде екі тілді редакторлар өздерінің субъективті бағалау критерийлері негізінде аударманы қаншалықты бағаласа да, аударма сапасының деңгейі модельдеуге жататын құбылыс» [11]. Ол үшін келесі үш компонент қажет: эталон, қателер типологиясы, бағалау параметрлері.

- 1) аударма мәтіні салыстыра отырып бағаланатын пішін/үлгі;
- 2) үлгіден аударманың ауытқу деңгейін белгілеу үшін қателердің жіктемесі (рұқсат етілген жүйені әзірлеу);
- 3) аударманы талдау үшін берілген мәтіннің параметрлері, нақты деңгейлері (мәтінді саралау әдістемесі, автордың ниетін анықтау тәсілдерін тану) [11, 23].

Оған қоса, Г. Г. Гиздатов, А. А. Алдабергенованың пайымдауынша, кез келген аударма түрін жасау үшін мәтін интерпретациясы негізгі процедура болып табылады [12, 163].

Бүгінгі күні аударма сапасын бағалаудың жалпы қабылданған критерийлері жоқ. Жалпы алғанда, аударма қателердің бар-жоғымен, олардың санымен және түпнұсқадан ақпаратты берудің толықтық деңгейімен бағаланады. Дегенмен мұның бәрі аудармада ақпараттың жоғалуы сөзсіз екенін ескеру керек.

Саралай келе, зерттеу жұмысында аударма қателіктерінің Д. М. Бузаджи және т.б. номенклатурасы бойынша жіктелуін негізге алуды жөн көрдік, себебі мұнда аударма қателіктері нақты әрі толық жіктеліп берілген. Дегенмен ол арнайы мәтіндердің аудармасын талдауға арналған. Д. М. Бузаджи және т.б. анықтамасы бойынша аударма қателіктерінің басты төрт тобы жіктелген: 1-топ, мәтіндердің денотативтік мазмұнына байланысты мағынасын беруіндегі қателіктер (бұрмалау, ақпаратты түсіру, қосу, ауыстыру, түпнұсқаның денотативтік мазмұнын аудармада дәл бермеу); 2-топ, түпнұсқаның стилистикалық ерекшеліктерін беруге байланысты қателіктер (түпнұсқа мәтінінің функционалдық-стилистикалық/жанрлық ерекшеліктерін берудегі бұзушылықтар, түпнұсқаны калькалау, аударма тілінің қолданылуын бұзу); 3-топ, авторлық бағалауды жеткізудегі қателіктер (түпнұсқаның мәнерлік астарын дұрыс жеткізбеу және авторлық бағаны дәл осылай беру); 4-топ, аударма тілінің нормасы мен қолданылуының бұзылуы (аударма тілінің орфографиялық және пунктуациялық нормаларын бұзу; жалқы есімдерді дұрыс аудармау; транскрипцияланған шетелдік сөздердің дұрыс берілмеуі; аударма тілінің стилистикалық нормаларының айқын бұзылуына байланысты қателер) [1, 34–75].

Келесі мысалдарға осы категориялар бойынша талдау жасалынады, яғни 1-топ, мәтіндердің денотативтік мазмұнына байланысты мағынасын беруіндегі қателіктер:

Мысал 1

Түпнұсқа: Literary Theory: A Practical Introduction

Аударма: Әдебиет теориясы: Кіріспе

Біздің нұсқа: Әдебиет теориясы: Практикалық кіріспе. Әдебиеттануға кіріспе: теория мен практикасы.

Бұл мысалда *practical* сөзі аударманың алып тастау/түсіру әдісіне ұшырағанын байқаймыз. Ағылшын тіліндегі түпнұсқаға зер салсақ, мұнда *practical* сөзінің жазылуы орынды, себебі бұл оқулықта теориямен қатар, практикалық жаттығулар берілген. Сондықтан да қазақ тілді аудармада, біздің ойымызша, практика деген сөзді қосу міндетті. Сонда кітаптың атауы онда не жазылғандығы туралы ақпаратты нақты бере алады.

Мысал 2

Түпнұсқа: The word «tree» seems to name an object. But the word itself is a combination of a sound and an idea [1, 95].

Аударма: «Терек» деген сөз заттың атауын білдіріп тұр. Әйтсе де сөз дыбыс пен идеяның қабысуынан пайда болады [2, 65].

Біздің нұсқа: «Ағаш» сөзі заттың атауын білдіріп тұрғандай. Алайда сөздің өзі дыбыс пен ойдың бірігуінен тұрады.

«Tree» сөзі нақтылау әдісіне ұшырап, «терек» деп аударылған. Дегенмен, терек – ол ағаштың бір түрі, яғни ағылшынша атауы «*porlar*». Сондықтан да біздің ойымызша, терек емес, ағаш деп аударған дұрыс.

2-топ, түпнұсқаның стилистикалық ерекшеліктерін беруге байланысты қателіктер:

Мысал 3

Түпнұсқа: *The two dimensions of literature* that they noted – form and matter, technique and meaning – continue to define what literary theory is about [1, 12].

Аударма: Екі ойшыл көрсетіп берген форма мен мазмұн, бейнелеу амалдары мен мағына сынды әдебиеттің егіз өлшемі әдеби теорияның түзілімін бұрынғыдан гөрі айқындай түсті [2, 13].

Біздің нұсқа: Олар меңзеген әдебиеттің екі өлшемі – *пішін мен зат, техника мен мағына* – әдебиет теориясы не жайлы екендігін тереңдей түседі.

Бұл мысалда аударма барысында қосу әдісі (екі ойшыл, егіз, түзілімін, сынды) кеңінен қолданылған. Алайда бұл мәтін көркем шығарма емес екендігін есте сақтаған жөн және тілдік әрлеу мен тым әсірелеу ақпаратты қабылдауды төмендетеді.

Мысал 4

Түпнұсқа: Literature (and film and theater and television) is a *technical enterprise* that requires *skill* in the manipulation of devices from storytelling or narration to figuration or metaphor [1, 12].

Аударма: Әдебиет (кино, театр және телевизия да) – ауызша баяндаудан бастап, бейнелеу һәм метафора сияқты көркемдік құралдармен түрлендіру тәсілдерін талап ететін шығармашылық сала [2, 13].

Біздің нұсқа: Әдебиет (кино, театр және телевизия) – әңгімелеуден не баяндаудан бейнелеуге, не метафораға дейінгі тілдік құралдарды қолдану шеберлігін қажет ететін шығармашылық сала.

Бұл аудармада аудармашының «technical enterprise» тіркесін «техникалық кәсіпорын» деп алудың орнына семантикалық дамыту әдісін қолданып, «шығармашылық сала» деп дәл тауып айтуы орынды. Себебі *әдебиет* сөзіне түсіндірмелі анықтама бере отырып, оны техникалық кәсіпорын деу оқырманды шатастырады.

3-топ, авторлық бағалауды жеткізудегі қателіктер:

Мысал 5

Түпнұсқа: The opening scene has several significant elements. A king divides his kingdom and gives it away. Daughters profess love in return for pieces of the kingdom. One daughter refuses to play along. The king loses his temper and banishes her [1, 102].

Аударма: Пьесаның алғашқы көрінісінде бірнеше маңызды элемент бар. Король корольдікті үшке бөліп, қыздарына беруді ұйғарады. Корольдіктен өзіне тиесілі үлесін алу үшін қыздары әкесін қаншалықты жақсы көретінін айтуы қажет. Тек кенже қызы ғана жөнсіз жарамсақтанудан бас тартады [2, 69].

Біздің нұсқа: Алғашқы көрініс бірнеше маңызды элементтерді қамтиды. Король өз патшалығын бөліп, қыздарына таратып береді. Ал қыздары корольдыктан алған үлестері үшін әкесін қошеметтейді. Бір қызы жағымпазданудан бас тартқандықтан, король ашуланып, оны қуып жібереді.

Бір оқығаннан аударма өте сәтті көрінеді. Алайда аударма мәтінінде түпнұсқада жоқ ақпарат беріліп, қосу әдісі кеңінен қолданылған. «Үшке бөліп», «кенже қызы» деген ақпарат түпнұсқада берілмесе де, аудармашы нақтылау әдісін қолданып айқындаған. Ал маңызды ақпаратты қамтитын соңғы сөйлем «The king loses his temper and banishes her» мүлде аударылмай кеткен.

Мысал 6

Түпнұсқа: In Shakespeare's King Lear, the logic governing the plot structure is schematic and rhetorical. The plot teaches a lesson organized around an irony. The old king loses his kingdom because he tries to save it in the wrong way [1, 94].

Аударма: Қартамыс король өз билігін жымысқы жолмен сақтаймын деп, ақырында, бар корольдігінен айырылып тынады [2, 64].

Біздің нұсқа: Шекспирдің «Король Лирінде» сюжеттік құрылымды реттейтін логика схемалық және риторикалық болып келеді. Сюжет ирония төңірегінде ұйымдастырылып өрбиді. Қарт король өз корольдығын теріс жолмен сақтап қалуға тырысқандықтан одан айырылып қалады.

Аударма барысында тым көп алып тастау/түсіру әдісі қолданылған. Мысалы, алғашқы екі сөйлем мүлдем аударылмай кеткен, соның нәтижесінде түпнұсқаның мәнерлік астарын дұрыс жеткізбеу және авторлық бағаны дәл осылай беру орын алады. Ал үшінші сөйлемде қосу әдісі (ақырында, бар) қолданылады.

4-топ, аударма тілінің нормасы мен қолданылуының бұзылуы, оның ішінде жалқы есімдерді дұрыс аудармауға байланысты қателер мен сандық деректердің нақты түрлерін беру кезіндегі бұзушылықтарға байланысты қателер:

Мысал 7

Түпнұсқа: *Like Plato, Philip Sidney felt that literature should provide moral instruction, and Samuel Johnson shared Aristotle's belief that art provided access to universals* [1, 13].

Аударма: Платон, Филип Сидни сияқты, «әдебиет адамзат баласын моральдық құндылықтармен қамтамасыз етуі тиіс» десе, Сэмюэл Джонсон Аристотельдің «өнер ғаламға жол ашады» деген пікіріне қосылды [2, 14].

Біздің нұсқа: Платон сияқты Филип Сидней де әдебиет моральдық нұсқаулармен қамтамасыз етуі керек деп түсінсе, Сэмюэл Джонсон Аристотельдің өнер ғаламға жол ашты деген сенімімен бөлісті.

Бұл орайда аудармашыдан *Like Plato* тіркесін аудару кезінде өрескел қате кеткен. *Платон мен Филип Сидни* есімдерін орнымен ауыстыру, сөйлемнің мағынасын толығымен өзгертті. Ал екіншіден «instruction» сөзі моральдық құндылықтар жайлы емес, нұсқаулықтарға келеді. Үшіншіден, *provided* өткен шақта берілген етістік, осы шақпен аударылған.

Мысал 8

Түпнұсқа: *Beryl and Mr. Florence bring a new perspective to the narrator's family, and sometimes that new perspective is disturbing of what the family considers customary and normal. What are some ways in which this occurs? And what is Munro after by drawing your attention to them? Note especially the cow milking episode* [1, 113].

Аударма: Бэрил мен мистер Флоренс Никтің отбасын жаңа қырынан ашады. Осындай жағдайлар романның тағы қай жерлерінде кездеседі? Оқырман назарын аударғаннан кейінгі Манро отбасын қалай бейнелейді? Әсіресе 336–337-беттердегі сиыр сауу эпизодына назар аударыңыз [2, 76].

Біздің нұсқа: Бэрил мен Флоренс мырза баяндаушы адамның отбасын жаңа қырынан көрсетті. Кейде бұл жаңа көзқарас отбасы әдеттегі және қалыпты деп санайтын нәрселері жайлы алаңдатушылық туғызады. Бұл қандай жерлерден байқалады? Ал Манро оларға сіздің назарыңызды не үшін аудартты? Әсіресе сиыр сауу эпизодына назар аударыңыз.

Алғашқы сөйлемдегі «and sometimes that new perspective is disturbing of what the family considers customary and normal» деген үзінді алынып тасталған. Сондықтан да одан кейінгі қойылған сұрақ байланыспай қалған. Яғни оқырман қандай жауап іздеуі керектігі жайлы дал болады. Ең қызықты жайт, түпнұсқада берілмеген «336–337-беттерді» аудармашы өз бетінен ізденіп тауып қосқаны.

Жоғарыда көрсетілген мысалдарды талдай келе, аударма барысында қосу, түсіру, алып тастау, нақтылау (конкретизация), мағынаны кеңейту (модуляция) әдістері кеңінен қолданылғаны байқалады. Аударма мәтінінің алғашқы беттеріндегі аударма әсерлі, тілдің көркемдеуіш құралдарға толы

болса, ортаңғы беттері түсіру, алып тастау әдістеріне ұшыраған. Соған орай аудармада стилистикалық ауытқулар байқалады. Тіпті кейбір жерлерде жеке дара сөздер мен сөз тіркестері емес, толықтай сөйлемдер аударылмай кеткен. Оған қоса түпнұсқада берілмеген нақты ақпарат аударма мәтінінде көрініс табады. Әрине аудармашылардың жан-жақты, әрі әмбебап болуы тиіс, алайда ол ақпарат нақты ма, қайдан алынған деген сұрақ та туындайды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақала ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен AP19680449 «Аударма сапасын бағалау: ғылыми және оқу салалары» ғылыми зерттеу жобасы негізінде орындалды.

Қорытынды

Қарқынды техникалық прогресс пен жаһандану ақпаратты жедел әрі тиімді тарату қажеттілігі толқынында аудармаға деген сұранысты арттыра түсті. Қазіргі күні ағылшын тіліндегі құнды кітаптарды қазақ тілінде оқу мүмкіндігі пайда болды. Әрине бұл өз кезегінде аудармашы біліктілігіне деген талапты күшейтті, ал жаңа аударма мәтіндері аударма сапасын бағалау мен баламалылықтың жоғарғы деңгейіне жету барысында біраз сынға ұшырады. Аударылған оқулықтардың оқу-ағарту, білім мен ғылым саласында маңызы зор екендігі сөзсіз. Әлемдік әдебиетті қазақ тілінде оқу жаңаша көзқарастың пайда болуына, шет елдік ғалымдармен пікір алмасуға оңтайлы септігін тигізеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Бузаджи, Д. М., Гусев, В. В., Ланчиков, В. К., Псурцев, Д. В. Новый взгляд на классификацию переводческих ошибок [Мәтін]. – М. : Всерос. центр переводов. – 2009. – 120 с.

2 Ryan, M., Rivkin J. Literary Theory : A Practical Introduction, – 3rd ed. – Wiley-Blackwell. – 2017. – 248 p.

3 Райан, М., Ривкин, Д. Әдебиет теориясы : Кіріспе. [Мәтін] (ауд. Ахметов Ә., Жапақ Ә., Төлеген М. ж.т.б.). – Алматы. – 2019. – 304 б.

4 Ақтанова, А. С. Әдебиет теориясы бойынша терминдердің аударылуы: ізденіс, тәжірибе [Электронды ресурс]. – URL: <https://termincom.kz/articles/?id=160> (Қаралған күні 01.08.2023).

5 Жұмабекова, А. Қ., Умиртасова, Н. И. Лингвистикалық мәтіндерді ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аудару стратегиясы шеңберіндегі аударма әдістері [Мәтін]. – Павлодар : Торайғыров университетінің хабаршысы : Филологиялық сериясы. – 2021. – № 2. – Б. 87–97.

6 Baker, M. In other words. A Coursebook on Translation [Мәтін]. – New York : Routledge. – 2018. – 390 p.

7 **Han, L., Jones, G. J. F., Smeaton, A. F.** Translation Quality Assessment: A Brief Survey on Manual and Automatic Methods [Электронды ресурс] – URL: <https://doi.org/10.48550/arXiv.2105.03311> (Қаралған күні 01.08.2023).

8 **Прунч, Э.** Пути развития западного переводоведения [Мәтін]. – М.: Р. Валент. – 2015. – 512 с.

9 **Автономова, Н. С.** Познание и перевод. Опыты философии языка [Мәтін]. – М.: СПб: Центр гуманитарных инициатив. – 2017. – 736 с.

10 **Цвиллинг, М. Я., Туровер, Г. Я.** О критериях оценки перевода [Текст] // Тетради переводчика. – 1978. – № 15. – С.3–9.

11 **Зинде, М. М., Фридрих, С. А.** Качество перевода и стилистика текста [Текст] // Тетради переводчика. – 1989. – № 23. – С. 23–31.

12 **Гиздатов, Г. Г., Алдабергенова, А. А.** Дискурсивные интерпретации романа Дж. Хеллера «Поправка-22» в переводческой практике // Критика и семиотика. – 2021. – № 2. – С. 160–177. [DOI 10.25205/2307-1737-2021-2-160-177](https://doi.org/10.25205/2307-1737-2021-2-160-177)

References

1 **Buzadzhi, D. M., Gusev, V. V., Lanchikov, V. K., Psurcev, D. V.** Novy'j vzglyad na klassifikaciyu perevodcheskix oshibok [A new look at the classification of translation errors] [Text]. – М.: Vseros. centr perevodov, 2009. – 122 p.

2 **Ryan, M., Rivkin, J.** Literary Theory: A Practical Introduction, – 3rd ed. – Wiley-Blackwell, 2017. – 248 p.

3 **Rajan, M., Rivkin, D.** Әдебиет теориясы: Kirispe (aud. Axmetov Ә., Zhapak Ә., Tölegen M. zh.t.b.) [Literary Theory : A Practical Introduction.] [Text]. – Almaty, 2019. – 304 p.

4 **Ақтанова, А. С.** Әдебиет теориясы` бойы`nsha terminderdiң audary`luy` : izdenis, täzhiribe [Translation of terms according to literary theory: search, experience] [Electronic resource] – URL: <https://termincom.kz/articles/?id=160> 13.07.2023 (accessed 01.08.2023).

5 **Zhymabekova, A. Қ., Umirtasova, N. I.** Lingvistikalы`қ мәтіндерді ағы`lshy`n tilinen қазақ tiline tikelej audaru strategiyasy` шеңберіндегі аударма әдістері [Translation techniques within the strategy of direct translation of linguistic texts from English into Kazakh] [Text] // Pavlodar: Torajıǵy`rov universitetiniң xabarshy`sy` : Filologiyaly`қ seriyasy`, 2021. – № 2. – P. 87–97.

6 **Baker, M.** In other words. A Coursebook on Translation [Text]. –New York: Routledge, 2018. – 390 p.

7 **Han, L., Jones, G. J. F., Smeaton, A. F.** Translation Quality Assessment : A Brief Survey on Manual and Automatic Methods [Electronic resource] – URL : <https://doi.org/10.48550/arXiv.2105.03311> (accessed 01.08.2023).

8 **Prunch, E.** Puti razvitiya zapadnogo perevodovedeniya. Ot yazy'kovoj asimmetrii k politicheskoy [Ways of development of Western translation studies. From linguistic asymmetry to political] [Text]. – M. : R. Valent, 2015. – 512 p.

9 **Avtonomova, N. S.** Poznanie i perevod. Opy'ty' filosofii yazy'ka. [Cognition and translation. Experiences in the philosophy of language] [Text]. – M.: Sankt-Peterburg, Centr gumanitarny'x iniciativ, 2017. – 736 p.

10 **Czvilling, M. Ya., Turover, G. Ya.** O kriteriyax ocenki perevoda [About translation evaluation criteria] [Text] // Tetradi perevodchika. – 1978. – № 15. – P. 3–9.

11 **Zinde, M. M., Fridrix, S. A.** Kachestvo perevoda i stilistika teksta [Translation quality and text style] [Text] // Tetradi perevodchika. – 1989. – № 23. – P. 23–31.

12 **Gizdatov, G. G., Aldabergenova, A. A.** Discursive Interpretations of the Novel of J. Heller «Catch-22» in Translation Practice // Kritika i Semiotika. – 2021. – Vol. 2. – P. 160–177 DOI 10.25205/2307-1737-2021-2-160-177

04.08.23 ж. баспаға түсті.

18.03.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. А. Алдабергенова¹, А. К. Жумабекова²*

¹Казахский университет международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Казахский национальный педагогический
университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 04.08.23.

Поступило с исправлениями 18.03.24.

Принято в печать 26.08.24.

УРОВЕНЬ ЭКВИВАЛЕНТНОСТИ НОВЫХ ПЕРЕВОДНЫХ ТЕКСТОВ

Статья посвящена изучению способов достижения эквивалентности при переводе научных (лингвистических) текстов. В качестве исследовательского материала использован оригинал книги Майкла Райана и Джули Ривкин «Теория литературы: Введение» на английском языке и его перевод на казахский язык, предназначенный для филологических факультетов университетов. Оригинал данной

книги «*Literary Theory: A Practical Introduction*» на английском языке был опубликован в 1998 году. В 2017 году издан первый перевод на казахский язык по программе «Духовное возрождение». В последние годы англоязычная литература широко переводится на казахский язык. Конечно, это, в свою очередь, позволяет казахоязычным читателям расширить круг своих интересов, получить всесторонние знания о мировой литературе, обмениваться идеями с западными учеными. Однако недостатки и ошибки, возникающие при переводе, приводят к тому, что замысел и цель автора исходного текста доходят до адресата (получателя) в искаженном виде. Именно поэтому в статье рассматриваются переводческие приемы и способы достижения эквивалентности при передаче научного лингвистического текста с английского на казахский язык. Анализируются категории и классификации оценки качества перевода. Особое внимание уделяется различным переводческим трансформациям, лексическим и грамматическим ошибкам и недочетам, имевшим место в процессе перевода, а также переводческим решениям, признанным на взгляд авторов оптимальными.

Ключевые слова: оценка качества перевода, переводоведение, казахский язык, английский язык, теория литературы, эквивалентность, методы перевода.

*A. A. Aldabergenova¹, A. K. Zhumabekova²

¹Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages, Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 04.08.23.

Received in revised form 18.03.24.

Accepted for publication 26.08.24.

EQUIVALENCE LEVEL OF NEW TRANSLATED TEXTS

The article is dedicated to the study of ways to achieve equivalence in the translation of scientific (linguistic) texts. As a research material were used the original book of Michael Ryan and Julie Rivkin «Literary Theory: A Practical Introduction» in English and its translation into Kazakh, devoted to the study of linguistics at universities. «Literary Theory: A Practical Introduction» was originally published in English in

1998. In 2017, the first translation into Kazakh was published under the program «Spiritual Revival». «New Humanitarian Education. 100 new textbooks in the Kazakh language». In recent years, English-language literature has been widely translated into Kazakh. Of course, this, in turn, will allow Kazakh-speaking readers to expand their range of interests, gain comprehensive knowledge of world literature, and exchange ideas with Western scholars. However, the shortcomings and errors that occur during translation lead to the fact that the intention and purpose of the author in the source text reach the addressee (recipient) in a distorted form. That is why the article discusses translation techniques and ways to achieve equivalence when translating a scientific linguistic text from English into Kazakh. Categories and classifications of translation quality assessment are analyzed. Particular attention is paid to various translation transformations, lexical and grammatical errors and shortcomings that took place in the translation process, as well as translation solutions that are recognized as optimal.

Keywords: translation quality assessment, translation studies, Kazakh language, English language, literary theory, equivalence, translation methods.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz